

**АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ: ЫНТАЛАНДЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ**  
**ENTREPRENEURIAL ACTIVITY IN RURAL AREAS: OPPORTUNITIES FOR STIMULATION**

**ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ:  
ВОЗМОЖНОСТИ СТИМУЛИРОВАНИЯ**

**Р. ШОҚАН<sup>1\*</sup>**

*э.ф.к., қауымдастырылған профессор*

**М. КАМЕНОВА<sup>2</sup>**

*э.ф.д., профессор*

**Б. АЙМУРЗИНА<sup>3</sup>**

*э.ф.д., профессор*

<sup>1</sup>*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан*

<sup>2</sup>*«Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан*

<sup>3</sup>*Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан*

*\*автордың электрондық поштасы: roza-shokan@mail.ru*

**R. SHOKHAN<sup>1\*</sup>**

*C.E.Sc., Associate Professor*

**M. KAMENOVA<sup>2</sup>**

*Dr.E.Sc. Professor*

**B. AIMURZINA<sup>3</sup>**

*Dr.E.Sc. Professor*

<sup>1</sup>*I.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*«Turan-Astana» University, Astana, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Astana International University, Astana, Kazakhstan*

*\*corresponding author e-mail: roza-shokan@mail.ru*

**Р. ШОХАН<sup>1\*</sup>**

*к.э.н., доцент*

**М. КАМЕНОВА<sup>2</sup>**

*д.э.н., профессор*

**Б. АЙМУРЗИНА<sup>3</sup>**

*д.э.н., профессор*

<sup>1</sup>*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан*

<sup>2</sup>*Университет «Туран-Астана», Астана, Казахстан*

<sup>3</sup>*Международный университет Астана, Астана, Казахстан*

*\*электронная почта автора: roza-shokan@mail.ru*

---

Аңдатпа. Ауылдық елді мекендердегі кәсіпкерлік қызмет - ауылдық аумақтарды тұрақты дамытудың негізі. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеудің бірыңғай кешенін қалыптастырудың және ауыл экономикасын әртараптандырудың маңыздылығы таңдалған тақырыптың өзектілігін айқындайды. *Мақсаты* - республиканың ауылдық аудандарының тұрақтылық тетігі ретінде ауыл кәсіпкерлігінің әлеуетін көрсету. *Әдістері* - ғылыми жалпылау, жіктеу, жүйелік және салыстырмалы талдау, дерексіз-логикалық. *Нәтижелері* - негізгі әсерлер ретінде келесілер атап өтілген. Ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті ұйымдастырудың бірқатар артықшылықтары бар: жаңа жұмыс орындарын құру арқылы Жұмыспен қамту деңгейін арттыру, шығындардың өтелуін арттыру, агробизнес рентабельділігінің өсуі, нарық конъюнктурасына және тұтынушылардың нарықтық мінез-құлқының өзгеруіне сәйкес сұранысқа жедел ден қою. Ауылдарда қайта өңдеу кешені үшін, агро-, эко-, этно-туризм салаларында, қызмет көрсетудің қолөнер кәсіптері секторларында





Кәсіпкерлік – көрегендік, өзгеріс және шығармашылық әрекеттің қарқынды үрдісі. Кәсіпкерлік инновациялық идеялар, сыни шешімдерді қабылдау және іске асыруға бағытталған жеткілікті күш пен ұмтылыс болуын талап етеді. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі құрамдас бөліктеріне: уақыт, капитал, өрлеу барысындағы қатерді есептеу; тиімді кәсіпорынды қалыптастыру мүмкіндігі; керек ресурстарды игеру үшін шығармашылық қабілет; берік бизнес-жоспарды құрудың шеберлігі; қайшылықтар және түсінбестікті «көріп тұрған жерден» мүмкіндіктерді тани алатын көрегендік [3].

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес азаматтардың, қандастардың және сондай-ақ заңды тұлғалардың мүлікті қолдану, тауарды өндіру, өткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету арқылы таза кіріс алуға бағдарланған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік үшін) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік үшін) негізделген жеке, бастамашыл қызметінің түрі кәсіпкерлік болып танылады. Жалпы, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [4].

Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікке негізінен кәсіпкерлік қызметтің нақты субъектілерінің және объектілерінің қатысуы талап етіледі [5]. Шаруашылық қызметті жүргізетін және оған жауапкершілігі бекітілген кәсіпкерлер, кәсіпкерлік қызметтің субъектілері болып танылады. Ал, кәсіпкерлік қызметтің объектілеріне қызмет барысында орындалатын жұмысты жатқызуға болады. Бұл өнімді өндіру, қызметті көрсету, делдалдық және т.б. әрекеттер болуы мүмкін [6].

Елді мекендердегі қосалқы шаруашылық әлеуметтік және экономикалық қызметтерді, оның ішінде экономикалық қызметті атқарған, яғни жанұялардың ауыл шаруашылық өнімдерді өндіруі, табыстың өсуі есебінен ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейінің артуы, материалдық тұтынудың жақсаруы, жанұя мүшелерінің еңбегін, жер және өнімділігі бар жер телімдерін қолдану орындалды [7]. Ауылдағы кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың ерекшелігін зерттеушілердің бірі, ауылдық аумақтардағы шағын кәсіпкерлік субъектілерін бірізділендіру критерийінің жоқтығына назар аударған [8].

Агроөнеркәсіптік кешеніндегі кәсіпкерлік қызмет өнімдерді өндіруге, қайта өңдеуге және әзірлеуге, сонымен бірге ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен байла-

нысты қызметтерді көрсетуге бағытталады. Бұл саладағы агробизнесінің өзіндік ерекшелігі бар, ол ауыл шаруашылығының және агроөнеркәсіптік кешенінің тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етудегі маңыздылығымен байланысты болып отыр. Ауыл шаруашылығы өндірісін қамтамасыз етудің шарттары табиғи-биологиялық және әлеуметтік-экономикалық факторларды біріктіреді. Бұл факторларды кәсіпкер тәуекелдерді қысқарту мақсатында қарастырып, назарға алуы керек.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы қаржыландыру мен жеңілдетілген несие-леу, салықтық әсер ету, фермерлік шаруашылықты дамытуға бағытталған субсидиялау тәрізді тетіктерді қамтитын ерекше аграрлық саясатты талап етеді [9].

Агробизнес саласындағы кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктерін қарастырған ғалымдардың еңбегінде саланың түрлі аспектілеріне назар аударылып, тұжырымдамалар жасалған.

Қазақстанның аумақтық құрылымында ауылдық елді мекендердің үлес салмағы жоғары. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің, Ұлттық статистика бюросы көрсеткіштеріне сәйкес 2023 жылдың басындағы жағдай бойынша елде 6 295 ауылдық елді мекен болса, онда республика халқының 38,2 пайызы немесе 7,5 млн адам тіршілік етіп жатыр. Ауыл шаруашылығындағы еңбек елдегі бір миллионға жуық адам үшін негізгі кәсіптің түрі болып саналуда. 2020-2022 жылдар аралығындағы ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі 5,4-5,2% деңгейінде қалып отыр. 2020-2022 жылдар ішінде ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бір жарым есеге өскен немесе 573,2 млрд. теңгеден 853,5 млрд. теңгеге дейін артқан. Осы мерзім ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 1,5 есеге не 5,9 трлн. теңгеден 8,7 трлн. теңгеге дейін өскен.

Елде 2022 жылы агроөнеркәсіптік кешен өнімінің экспорт көрсеткіші 5,6 млрд. АҚШ долларын құраса, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы өңделген өнімінің экспорт көрсеткіші 2,3 млрд. АҚШ долларына жеткен және соңғы жылдары аталмыш көрсеткіштің тұрақты өсімі байқалып отыр. 2022 жылдың үшінші тоқсанының деректеріне сүйенсек, ауылдық аумақтарда 55 173 бірлік жұмыс істеп жатқан заңды тұлғалар тіркелген [10].

Мемлекет экономикасы үшін ауыл шаруашылығы тұрғындарды азық-түлікпен, өнеркәсіп орындарын бастапқы шикізатпен

қамтамасыз ететін құрылым екендігі белгілі. 2011-2018 жылдардағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, кәсіпкерлік салада өсім байқалады. Республика бойынша ауыл шаруашылық саласында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 7,1 есеге артқан. Тіркелген дара кәсіпкерлердің саны 2021 жылы 28 992 бірлікті; тіркелген шаруа немесе фермер қожалықтарының саны 231 437 бірлікті құраған (1 кесте).

ектілерінің саны 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 7,1 есеге артқан. Тіркелген дара кәсіпкерлердің саны 2021 жылы 28 992 бірлікті; тіркелген шаруа немесе фермер қожалықтарының саны 231 437 бірлікті құраған (1 кесте).

1 кесте – Ауыл шаруашылығы саласындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму серпіні, бірлік (2017-2021жж.)

Жыл	Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, бірлік	Өсім қарқыны, %	Тіркелген дара кәсіпкерлер, бірлік	Өсім қарқыны, %	Тіркелген шаруа не фермер қожалықтары	Өсім қарқыны, %
2017	15 621		30 500		194 987	
2018	16 194	3,7	27 345	-10	205 235	5,3
2019	16 875	4,2	30 407	11,2	221 291	7,8
2020	17 924	6,2	34 549	13,6	225 435	1,9
2021	19 189	7,1	28 992	-16,1	231 437	2,7

Ескерту: авторлармен [11] әдебиет негізінде құрастырылып, есептелген

Қазіргі таңда ауылдық аумақтарда шаруашылық жүргізуші субъектілердің үш нысаны әрекет етуде, олар:

- ауыл шаруашылық кәсіпорындары;
- шаруа (фермер) қожалықтары;
- жұртшылық шаруашылықтары.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау, қайта өңдеу, сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласындағы қызметті көрсетумен айналысатын заңды тұлғаның немесе оның құрылымдық бөлімшесі ауыл шаруашылығы кәсіпорны деп есептеледі.


Елді мекен тұрғындарының дара кәсіпкерлікті жүзеге асыру мақсатында ауыл шаруашылығы жерлерінде өнім өндіру, ұқсату және сатумен байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермерлік қожалық субъектілері деп танылады. Ал, халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтар мен бақшалары, саяжай учаскерлері жұртшылық шаруашылығын құрайды. Мұндай кәсіпкерлік түрі ауыл отбасыларының жергілікті ресурстарды қолдануы мен еңбек әлеуетіне негізделген [12]. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші кәсіпкерлер негізінен өсімдік, мал және аңшылық шаруашылық саласы бойынша жұмыс істейтін заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер, осы жіктеу бойынша дара кәсіпкерлер, сондай-ақ шаруа не фермер қожалықтары мен елді мекендердегі үй шаруашылықтары ретінде ұйымдастырылуда (1 сурет).

Республика аумағында 2022 жылы экономикалық қызметінің сипаты «Өсімдік, мал шаруашылығы, аңшылық салаларында қызметтерді ұсыну» бойынша заңды тұлға, филиал және өкілдіктердің 19 653 бірлігі тіркелген болса, оның басым бөлігі яғни 20,2%-ы немесе 3 979 бірлігі Түркістан,

11,9%-ы немесе 2 352 бірлігі Алматы және 10,9%-ы немесе 2 152 бірлігі Ақмола облыстарында тіркелген.

Өсімдік сонымен қатар мал шаруашылығы, аңшылық және осы сфераларда қызмет ұсыну бойынша ұйымдастырылған дара кәсіпкерлердің 29 362 бірлігі жалпы республика аумағында жұмыс істеген болса, оның ішінде Түркістан облысында 10 489 бірлік, Жамбыл облысында 7 649 бірлік және Павлодар облысында 2 227 бірлік дара кәсіпкерлік нысанында тіркелген ауыл шаруашылық кәсіпкерлері жұмыс істеді. Шаруа немесе фермер қожалықтарының ұйымдастырылуы республика бойынша 23 0247 бірлікті құраған болса, оның 30,3%-ы немесе 69 681 бірлігі Түркістан облысында; 20,7%-ы немесе 47 755 бірлігі Алматы облысында және 8,3%-ы немесе 19 104 бірлігі Жамбыл облысында құрылып, жұмыс істеуде [қараңыз 12].

Ел аумағында 2021 жылы 30 2491 бірлік шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істеген, оның 5,1%-ы не 15 425 бірлігі ауыл, орман және балық шаруашылықтарында ұйымдастырылған. Аталмыш экономикалық қызмет түріне негізделген ШОК кәсіпорындарда 113 413 адам жұмыспен қамтылып, 1 065 510 млн теңгенің өнімін (тауар өндіру және қызмет көрсету) өндірген. Ел аумағында тіркелген ШОК субъектілері жалпы көлемі 36 128 018 млн теңгенің өнімін шығарса, оның 2,9%-ы ауыл, орман және балық шаруашылығы салалары бойынша жұмыс істеп жатқан шағын, орта кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілі болған [қараңыз 11]. Ауылдық аумақтарда ұйымдастырылған кәсіпкерлік қызметтің негізгі бөлігі ауыл шаруашылық ресурстарын қолдануға негізделгенін талдау нәтижелері көрсетіп отыр.



Ескерту: авторлармен [12] әдебиет негізінде құрастырылған  
 1 сурет – Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші кәсіпкерлердің саны (2022ж.)

Елді мекендерде шаруашылық субъектілерінің қызметін ұйымдастыру жергілікті жерлердегі әлеуметтік-экономикалық мәсе-

лелерді шешуге оның ішінде тұрғындардың жұмысбастылығын қамтамасыз етуде ықпал ететіндігі белгілі (2 кесте).

2 кесте – Ауыл шаруашылығында ұйымдастырылған ШОК нысандарында жұмыспен қамтылғандардың саны, адам (2017-2021жж.)

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021
Барлығы					
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	419 315	417 243	447344	450 046	448018
Шағын кәсіпкерлікте	61 347	64 659	75 113	69 638	71 203
Орта кәсіпкерлікте	43 381	44 757	43 136	43 241	42 210
Дара кәсіпкерлікте	28 549	27 302	32 309	36 662	30 050
Шаруа не фермерлік қожалықтарда	286 038	280 525	296 786	300 505	304 555

Ескерту: авторлармен [қараңыз 11] әдебиет негізінде құрастырылған.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында ұйымдастырылған кәсіпорындарда 2017 жылы 419 315 адам жұмыспен қамтылған болса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 6,8 пайызға өсіп 448 018 адамға жеткен. ШОК субъектілерінің ұйымдық құрылымы бойынша талдау жасайтын болсақ. 2021 жылы республика бойынша

жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында 1 488 820 адам жұмыс істеген, оның ішінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандардың үлесі 4,8%-ды немесе 71 203 адам болған. Орта кәсіпкерлік кәсіпорындарында 2021 жылы 42 210 адам, дара кәсіпкерлікте 30 050 адам жұмыс істеген. Ал, ауыл

шаруашылық құрылымында ұйымдастырылған шаруа немесе фермер қожалықтарында 2021 жылы 304 555 адам жұмыспен қамтылған немесе 2017 жылмен салыстырғанда бұл кәсіпкерлік нысанында 6,5%-ға жұмысбастылық өсіп отыр.

Ауылдық елді мекендердегі жастар кәсіпкерлігі де қазіргі уақытта қарқынды дамуда. 199 мың ауыл жастары немесе жалпы жастардың 27,4%-ы ауылдарда кәсіпкерлік қызметпен айналысуда. Жастар арасында сауда саласындағы кәсіпкерлік қызметке басымдық берілсе, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікпен 46,2 мың адам айналысуда. Жастардың кәсіпкерлігі Алматы, Жамбыл, Түркістан және Маңғыстау облыстарында кең таралған.

Ауылдық аумақтарда ШОК нысанының ұйымдастырылуы, өнім өндіру және жұмыспен қамту тәрізді көрсеткіштердің 2017-2021 жылдар аралығында өскенін жоғарыдағы талдау нәтижелері көрсетіп отыр. Бұл агроөнеркәсіп саласының тұрақты дамуы мен ауылдық елді мекендердегі ресурстық әлеуеттің қолданыс тауып отырғанын сипаттайды.

Ауылдық аумақтарды қолдау мақсатында 1991 жылдан бастап 1991-1995 жылдар және 2000 жылға дейінгі болашаққа арналған «Ауыл» мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы; 2004-2010 жж. арналған ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы; өңірлерді дамытудың 2020ж. дейінгі мемлекеттік бағдарламасы [13]; 2017-2021жж арналған «Ауыл – ел бесігі» арнайы жоспары [14]; өңірлерді дамытудың 2020-2025 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы [15]; 2023-2027 жылдарға арналған ҚР-ның ауылдық аумақтарын дамытудың тұжырымдамасы қабылданған. Аталмыш құжаттардың кейбіреуі жүзеге асырылып, кейбір құжаттардың орындалуы жалғасуда.

Әр жылдары ауылдық аумақтарды дамыту мақсатында әзірленген құжаттарға сәйкес ауылдық аудандардың типологиясы; елді мекендерді жіктеу әдіснамасы; ауылдарды әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу; халықтың өмір сүруіне қажетті әлеуметтік стандартты әзірлеу; әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымды жетілдіру, ауыл халқының өмір сүру жағдайларының сапасын анықтайтын нысаналы индикаторларды белгілеу; өңірлердің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен халықтың тұрмыс сапасын жақсарту; өңірлерді экономикалық дамыту, ауыл халқын жұмыспен қамту және табысты арттыру сынды мәселелерге назар аударылған.

Мемлекет деңгейінде ауылдық аумақтардың мәселелерін шешудің жолдары

айқындалғанмен, әлі де болса ауылдық аумақтардың дамуында әлеуметтік, экономикалық, инфрақұрылымдық, шаруашылық салалары бойынша шешім табылуы керек мәселелер орын алып отыр. Осы орайда, ауыл халқының көшіп-қону миграциясын бәсеңдету, жұмыссыздықты азайту, өмір сүру сапасын арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру, ауыл шаруашылық өнімдерін терең өңдеу, қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін кәсіпкерлік қызметке назар аудару, жергілікті тұрғындарды кәсіпкерлікке үйрету, ақпараттандыру және бизнеске бағыттауға арналған ағартушылық сипаттағы қызметтерді ұсынуға бағытталу керек.

**Қорытынды.** Ауылдық аумақтардағы кәсіпкерлік қызметтің дамуының жағдайын зерделеу төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Ауыл шаруашылығы кезкелген мемлекеттің экономикалық дамуындағы қозғаушы салалардың бірі. Ауылдық аумақтардың көркеюі мен дамуы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өнеркәсіпті бастапқы шикізат ресурстарымен қамтуға әсер етеді.

2. Ауылдық аумақтардың ресурстық әлеуетін пайдалану арқылы кәсіпкерлік қызметті дамытудың мүмкіндіктері жоғары. Себебі, мемлекет өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, аңшылық салаларды ұйымдастыру үшін жеткілікті ресурстық әлеуетке ие. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылық кәсіпкерлігімен айналысуға мүмкіндік беретін кәсіпорындардың қызметін ұйымдастыруға негіз болады.

3. Қазіргі таңда ел халқының 38,2 пайызы немесе 7,5 млн адамның ауылдық жерлерде өмір сүріп жатқанын ескерсек, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың өзектілігі ауылдық елді мекендер үшін басымдыққа ие деп тұжырымдауға болады.

4. Ауылдық аумақтарда кәсіпкерлік қызметтің дамуы жергілікті жерлердің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін атап айтқанда, халықтың өмір сүруінің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге, табысты қалыптастыруға, жұмыссыздықты азайтуға, ауылдың тұрақты дамуына, әртараптан-дырылған экономика салаларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

5. Ауылдық аумақтардағы кәсіпкерлік саласындағы саясат институционалдық, ресурстық, экономикалық, қаржылық және ұйымдастырушылық тетіктердің қайта қарастырылуына және озық тәжірибелердің нәтижелерін енгізуге бағдарлануы керек.

#### **Әдебиеттер тізімі**

[1] Лапуста, М.Г. Предпринимательство: учеб. /М.Г. Лапуста.-Москва: ИНФРА-М, 2022.-384с.

[2] Макареня, Т.А. Современное предпринимательство: учеб.пособие/Т.А. Макареня, Н.П. Кетова.- Ростов-на Дону: Изд. Южного федерального университета, 2011.-190с.

[3] Куратко, Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым / Д.Ф. Куратко. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.-480б.

[4] Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ [Электрондық ресурс].–2023.–URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (қаралған күні: 10.08.2023)..

[5] Журавлева, И.И. Предпринимательство в сельском хозяйстве: проблемы и перспективы развития// И. И. Журавлева // Бизнес-образование в экономике знаний. – 2018.- № 1. С. 29-32.

[6] Украинцева, И.В. Предпринимательская деятельность и ее особенности в сельском хозяйстве [Электронный ресурс].- 2017.– URL: <https://www.e-koncept.ru/2017/770442.htm> (дата обращения: 30.08.2023).

[7] Калугина, З.И. Сельское предпринимательство в современной России: мимикрия старых и становление новых форм// З.И. Калугина // ЭКО. –2016.- № 6.- С. 78-98.

[8] Гатаулина, Е.А. Малое предпринимательство на сельских территориях: характеристика, поддержка, развитие/ Е.А. Гатаулина, А.А. Потапова, Д.С. Терновский, Е.А. Шишкина.- Москва: Издательский дом «Дело» РАНХиГС, 2022.- 96с.

[9] Тушканова, М.П. Организация производства и предпринимательство в АПК: учебник/ М.П. Тушканова, А.Ф. Максимова.- Москва: ИНФРА-М, 2023.- 296с.

[10] Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысы [Электрондық ресурс].– 2023.– URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270> (қаралған күні: 10.08.2023).

[11] Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде [Электрондық ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 02.08.2023).

[12] Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде [Электрондық ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 02.08.2023).

[13] Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 767 қаулысы [Электрондық ресурс].– 2018.– URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000767> (қаралған күні: 12.08.2023).

[14] «Ауыл-ел бесігі» арнайы жоспары [Электрондық ресурс].– 2019.–URL: <https://www.primeminister.kz/kz/news/reviews/auyl-el-besg-jobasy-auyl-tryndaryny-mr-sru-sapasy-men-l-auatyn-jasartu-alai-jzege-asyrylady> (қаралған күні: 12.08.2023).

[15] Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы [Электрондық ресурс].–2019.–URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> (қаралған күні: 13.08.2023).

### References

[1] Lapusta, M.G. (2022). *Predprinimatel'stvo: uchebnik* [Entrepreneurship: textbook]. Moscow: INFRA-M, 384 [in Russian].

[2] Makarenja, T.A., Ketova, N.P. (2011). *Sovremennoe predprinimatel'stvo: uchebnoe posobie* [Modern enterprise: textbook]. Rostov-on-Don: Publishing House of the Southern Federal University, 190 [in Russian].

[3] Kuratko, D.F. (2018). *Käsipkerlik: teoria, proses, praktika. 10-basylym*. [Entrepreneurship: theory, process, practice. 10th edition]. National Translation Bureau, 480 [in Kazakh].

[4] Qazaqstan Respublikasynyñ Käsipkerlik Kodeksı Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksı 2015 jylǵy 29 qazandaǵy № 375-V QRZ [Entrepreneurial Code of the Republic of Kazakhstan Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015 No. 375-V RKZ] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (date of access: 10.08.2023) [in Kazakh].

[5] Zhuravleva, I.I. (2018). *Predprinimatel'stvo v sel'skom hozjajstve: problemy i perspektivy razvitija* [Entrepreneurship in agriculture: problems and development prospects]. *Biznes-obrazovanie v jekonomike znaniy-Business education in the knowledge economy*, (1), 29-32 [in Russian].

[6] Ukrainceva, I.V., Avdeeva, A.I. (2017). *Predprinimatel'skaja dejatel'nost' i ee osobennosti v sel'skom hozjajstve* [Entrepreneurial activity and its features in agriculture]. *Nauchno-metodicheskij jelektronnyj zhurnal «Koncept» – Scientific and methodological electronic journal "Concept"*, 100–103. Available at: <https://e-koncept.ru/2017/770442.htm> (date of access: 30.08.2023) [in Russian].

[7] Kalugina, Z.I. (2016). *Sel'skoe predprinimatel'stvo v sovremennoj Rossii: mimikrija staryh i stanovlenie novyh form* [Rural entrepreneurship in modern Russia: mimicry of old and the emergence of new forms]. *JeKO – ECO*, (6), 78-98 [In Russian].

[8] Gataulina, E.A., Potapova, A.A., Ternovskij, D.S., Shishkina, E.A. (2022). *Maloe predprinimatel'stvo na sel'skih territorijah: harakteristika, podderzhka, razvitie* [Small business in rural areas: characteristics, support, development]. Moscow: Publishing house "Delo" RANEPА, 96p. [in Russian].

[9] Tushkanova, M.P., Maksimova, A.F.



(2023). Organizacija proizvodstva i predprinimatel'stvo v APK [Organization of production and entrepreneurship in the agro-industrial complex: textbook]. Moscow: INFRA-M, 296 p. [in Russian].

[10] Qazaqstan Respublikasynyñ auylдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қaulысы [Rural areas of the Republic of Kazakhstan Resolution No. 270 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 on approval of the development concept for 2023-2027]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270> (date of access: 10.08.2023) [in Kazakh].

[11] Qazaqstan Respublikasyndaғы шағын және орта кәсіпкерлік. Statistikalық жинақ: qazaq және orys тilderinde [Small and medium enterprises in the Republic of Kazakhstan. Statistical collection: in Kazakh and Russian languages] (2021). Available at: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 02.08.2023) [in Kazakh].

[12] Qazaqstan Respublikasyndaғы ауыл, орман және бalyқ шаруашылығы. Statistikalық жинақ: qazaq және orys Tilderinde, 134 bet [Agriculture, forestry and fisheries in the Republic of Kazakhstan. Statistical collection: in Kazakh and Russian languages, 134 pages].

Available at: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 02.08.2023) [in Kazakh].

[13] Öñirlerdi damytudyñ 2020 жылға deingi memleketтік baғdarlamасын bекіту туралы Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2018 жылғы 16 қараşadaғы № 767 қaulысы [Resolution No. 767 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 16, 2018 on approval of the state program of regional development until 2020.]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000767> (date of access: 12.08.2023) [in Kazakh].

[14] «Auyl-el besigı» arнай jospary ["Cradle of the Village" special plan] Available at: <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/auyl-el-besig-jobasy--auyl-tryndaryny-mr-sru-sapasy-men-l-auatyn-jasartu-alai-jzege-asyrylady> (date of access: 12.08.2023) [in Kazakh].

[15] Öñirlerdi damytudyñ 2020-2025 жылдарға арналған memleketтік baғdarlamасын bекіту туралы QR Ükimetiniñ 2019 жылғы 27 jeltocşandaғы № 990 қaulысы [Resolution No. 990 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 on approval of the state program of regional development for 2020-2025]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> (date of access: 13.08.2023) [in Kazakh].

#### Авторлар туралы ақпарат:

*Шоқан Роза* – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; «Туризм» кафедрасының доценті; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; 010008 Сәтпаев көш., 2, Астана қ., Қазақстан; e-mail: roza-shokan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1005-3769>.

*Каменова Мазкен*; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Дизайн, сервис және туризм» кафедрасының профессоры; «Тұран-Астана» университеті; 010000 Дүкенұлы көш., 29 Астана қ., Қазақстан; e-mail: mazken\_kamenova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2018-521X>

*Аймурзина Баглан*; экономика ғылымдарының докторы, профессор; Экономика жоғары мектебінің профессоры; Астана халықаралық университеті; 010000 Қабанбай батыр даңғ., 8, Астана қ., Қазақстан; e-mail: aimurzina@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2625-7989>.

#### Information about the authors:

*Shokhan Roza* – **The main author**; Candidate of Economic Sciences, Associate Professor; Associate Professor of the Department of Tourism; L.N. Gumilyov Eurasian National University; 010008 Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan; Kazakhstan; e-mail: roza-shokan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1005-3769>

*Kamenova Mazken*; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Department of Design, Service and Tourism; «Turan-Astana» University; 010000 Dukenuuly str., 29, Astana, Kazakhstan; e-mail: mazken\_kamenova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2018-521X>

*Aimurzina Baglan*; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor Higher School of Economics; Astana International University; 010000 Kabanbay batyr Ave., 8, Astana, Kazakhstan; e-mail: aimurzina@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2625-7989>.

#### Информация об авторах:

*Шохан Роза* – **основной автор**; кандидат экономических наук, ассоциированный профессор; доцент кафедры «Туризма»; Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева; 010008 ул. Сатпаева 2, г. Астана, Казахстан; e-mail: roza-shokan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1005-3769>

*Каменова Мазкен*; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Дизайн, сервис и туризм»; Университет "Турани-Астана"; 010000 ул. Дукенулы, 29 г. Астана, Казахстан; e-mail: mazken\_kamenova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2018-521X>.

*Аймурзина Баглан*; доктор экономических наук, профессор; профессор высшей школы экономики; Международный университет Астана; 010000 пр. Кабанбай батыра, 8, г. Астана, Казахстан; e-mail: aimurzina@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2625-7989>